

М.Х.Дулати атындағы Таразуниверситеті

ӘӨЖ 685.34.013,
685.34.03, 685.341.8

Қолжазба құқығында

ЮСУПОВА ЛАУРА ХАМИДОВНА

**Жаңа технологияларды қолдана отырып, жасөспірімдер аяқ киімінің
бөлшектерін дайындауға арналған материалдар пакетін әзірлеу және
антропометриялық зерттеу**

6D072600 –«Жеңіл өнеркәсіп бұйымдарының технологиясы
және құрастырылуы»

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми жетекші:
PhD докторы, доцент,
Г.К. Елдияр,
М. Әуезов атындағы Оңтүстік
Қазақстан университеті, Шымкент қ.

Шетелдік ғылыми кеңесші:
т.ғ.д., профессор
А.Р.Соколовский
А.Н.Косыгин атындағы университет,
Новосибирск қ., Ресей

Қазақстан Республикасы
Тараз қ., 2025

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	4
ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР	5
БЕЛГІЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР	6
КІРІСПЕ	7
1 ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ТАБАНДАРЫНЫҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	12
1.1 Жасөспірімдердің аяқ киімдеріне қойылатын негізгі талаптар	12
1.2. Жасөспірімдердің табандарының негізгі патологиялық ауытқулары	16
1.3. Тұрғындардың табан өлшемдерін зерттеудің заманауи әдістері	22
1.4. Жасөспірімдерге арналған аяқ киімде қолданылатын материал пакеттерін талдау	26
Бірінші бөлім бойынша қорытынды	27
2 ЗЕРТТЕУ ОБЪЕКТІЛЕРІ МЕН ӘДІСТЕРІ	28
2.1 Жасөспірімдерінің табан өлшемдерін зерттеудің бағдарламалары мен әдістері	28
2.2 Табан өлшемдерінің нәтижелерін статистикалық өңдеу әдістері	32
2.3. Табан өлшемдерін 3D-сканермен зерттеу әдісі	33
Екінші бөлім бойынша қорытынды	34
3 ЖАСӨСПІРІМДЕРІНІҢ ТАБАН ӨЛШЕМІН ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ МЕН АЯҚ КИІМНІҢ ӨЛШЕМДІ АССОРТИМЕНТІН ӘЗІРЛЕУ	35
3.1 Табан өлшемдерінің нәтижелерін бағдарламалы-статистикалық талдау	35
3.2. Жасөспірімдерінің табан өлшемінің вариация қатарын құру	39
3.3. Табан өлшемдері нәтижелерін регрессиялық-корреляциялық талдау	42
3.4. Жасөспірімдеріне арналған аяқ киімнің өлшемді ассортиментін әзірлеу	43
3.5. Жасөспірімдердің табан өлшемдерін 3D технологиямен зерттеу	46
Үшінші бөлім бойынша қорытынды	52
4 АЯҚ КИІМНІҢ ҮСТІНГІ ДАЙЫНДАМАСЫНА МАТЕРИАЛ ПАКЕТІН ТАҢДАУ	53
4.1 Жасөспірімдердің аяқ киімге қалауын анықтауға сауалнама жүргізу нәтижесі	53
4.2 Жасөспірімдерге арналған аяқ киім үстіңгі бөлшектеріне материал пакетін талдау	64
4.3 Нейрондық желілердің көмегімен материалдардың төзімділік қасиеттерін зерттеу нәтижелері	69
Төртінші бөлім бойынша қорытынды	76

ҚОРЫТЫНДЫ
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ79
ҚОСЫМШАЛАР93

77

ҚОСЫМША А- Антропометриялық зерттеу бланкісімен жасалған құжат

ҚОСЫМША Б – Сарапшылармен толтырылған сауалнама

ҚОСЫМША В - Тағылымдамадан өткендігін растайтын құжат

ҚОСЫМША Г - Өндірістік сынақ және ендіру АКТ-ілер

ҚОСЫМША Д - Зерттеу туралы АКТ-ілер

ҚОСЫМША Д- Патент туралы мәлімет

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

МемСТ26167-2005	Күнделікті аяқ киім. Жалпы техникалық шарттар
МемСТ 23251-2023	Аяқ киім. Терминдер мен анықтамалар
МемСТ ISO 14268-2024	Тері. Бу өткізгіштік әдісі.
ҚР СТ 2419:2012	Тері. Физикалық және механикалық сынақтар. Үлгілерді дайындау және салқындату
МемСТ Р 12.4.295-2013	Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі (OSSS). Аяққа арналған жеке қорғаныс құралдары. Сынақ әдістері
МемСТ ISO 2589-2013	Тері. Физикалық және механикалық зерттеулер. Қалыңдығын анықтау
МемСТ 939-2021	Аяқ киімге арналған былғарылар
МемСТ 3927-88	Аяқ киімге арналған қалыптар
МемСТ Р 57020-2016	Аяқ киімге арналған жасанды былғарылар
МемСТ 11373- 88	Аяқ киім. Өлшемдері
МемСТ 8978-2003	Жасанды былғары және пленка материалдары

ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Былғары	- мал терілерін химиялық және механикалық әдістермен өңдеу арқылы алынатын материал
Синтетикалық былғары	- табиғи былғары құрамы мен құрылымын имитациялайтын және оны алмастырғыш ретінде пайдалануға болатын пластикалық өнім
Жасанды былғары	- табиғи былғарыға ұқсас поливинилхлорид (ПВХ) немесе полиуретанды (ПУ) шайырлары сияқты химиялық заттардың қоспасы арқылы алынған материал
Жасөспірім	- адамның 12 пен 18 жас аралығындағы даму кезеңі
Антропология	- адамды, оның шығу тегін, дамуын зерделеумен айналысатын ғылыми пәндердің жиынтығы
Антропометрия	- адамның физикалық параметрлері мен өлшемдерін зерттейтін ғылыми бөлім және дене дамуын, дене құрамы мен пішін параметрлерін түсіну медициналық тексеруде маңызды компонент болып табылады
Биомеханика	- тірі жандардың қозғалысын зерттейтін ғылым
Ортопедиялық аяқ киім	- тірек-қозғалыс аппараты ауруларының алдын алуға көмектесетін, табанның дұрыс қалпын ұстап тұратын, аяққа түсетін артық салмақты жеңілдететін, жүру және тұру кезінде оның оңтайлы жағдайын қамтамасыз ететін арнайы әзірленген аяқ киім
Ыңғайлы аяқ киім	- табанның патологиялық ауытқуларын ескере отырып, профилактикалық элементтерді пайдалана отырып, табан ауруларының алдын алу және емдеу мақсатында тігіледі
Ортопедиялық ұлтарак	- антропометриялық сипаттамалары мен ауру түрін ескере отырып, табан ауруларынан зардап шегетін адамдар үшін арнайы дайындалатын ұлтарак
Композитті материал	- екі немесе одан да көп компоненттерден тұратын, жасанды түрде жасалған біртекті емес материал.
Нейрондық желілер	-бұл адам миындағы нейрондардың қалай жұмыс істейтініне ұқсайтын компьютерлік модель.
Акселерация	- жасөспірімдердің денесінің дамуының уақыттан бұрын, тез қарқынмен үдеп жүруі; балалармен жасөспірімдердің жыныстың жетілуінің өсуі мен дамуының күрт жылдамдануы.

БЕЛГІЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР	- Қазақстан Республикасы
АҚ	- Акционерлік қоғам
ЖШС	- Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
МемСТ	- Мемлекеттік стандарт
ҒЗЖ	- Ғылыми-зерттеу жұмысы
ЭС-	- Электронды сканер
ТМД	- Тәуелсіз мемлекеттер достастығы
ЖБ	- Жасанды былғары
СБ	- Синтетикалық былғары
АЗБ	- Антропометриялық зерттеу бланкі
ҚТЗ	- Қалыпты таралу заңы
ҚШЖ	- Қалыптың шартты жазбасы
АЖЖ	- Автоматты жобалау жүйесі
$T_{\bar{y}}$	- Табан ұзындығы
$Ш_{ie}$	- Ішкі шоғыр ені
$Ш_{ce}$	- Сыртқы шоғыр ені
Θ_e	- Өкше ені
σ	- Орташа квадраттық ауытқулары
M	- Орташа арифметикалық ауытқулар
V	- Вариациялық коэффициент
m	- Негізгі статистикалық көрсеткіштердің орташа қателігі
P	- Нәтижелердің дәлдігінің көрсеткіштері

КІРІСПЕ

Диссертация тақырыбының өзектілігі. Адамзаттың бүкіл өмірі бойына дене салмағын көтеріп келген аяқтардың антропологиялық ерекшеліктері этникалық және жыныс арасындағы айырмашылықтарды көрсетеді. Функционалды және ыңғайлы аяқ тірегі үшін маңызды анықтаушы оның табан пішініне қаншалықты сәйкес келетіні болып табылады. Статистика көрсеткендей, жыл сайын оқушылардың денсаулығы нашарлап келеді [1]. Денсаулықты сақтау мен нығайту мәселесін тек қана медицинаның көмегімен шешу мүмкін емес, сыртқы орта мен өмір салты да маңызды. Бұл ретте өмір салты - бұл зиянды әдеттердің болуы немесе болмауы ғана емес, өмір салты әлеуметтік санат болып табылады және әлеуметтік, мәдениет, білім, медицина деңгейін, сондай-ақ тұтынылатын өнімнің сапасын қамтиды [2]. Жасөспірімдердің денсаулығына әсер ететін бұйымдарға аяқ киім де жатады. 12-18 жастағы балаларды тұтынушылардың ең ерекше нысаналы тобы деп санауға болады. Осы жас тобына арналған аяқ киім нарықтың жеке, сұранысқа ие сатысы болып табылады. Алайда қазіргі уақытта кәсіпорындардың ассортименттік саясатының кемшілігі жасөспірімдерге арналған аяқ киімдерді барынша аз шығару болып табылады. Әдетте, бұл көптеген балалардың 12 жастан бастап ересектерге арналған аяқ киімді сатып алу мәжбүрлігімен түсіндіріледі. Қазіргі заманның ерекшелігі - бүкіл әлемде байқалып отырған акселерация процесі аяқ өлшемдерінің ұлғаюына әсер етті. Бірақ физиологиялық жіктеу бойынша 12 жастан 18 жасқа дейін ағзаны қалыптастырудың белсенді процесі жүріп жатқанын ұмытпаған жөн. Сондықтан осы жас тобы үшін физиологиялық дамуын ескере отырып, ыңғайлы аяқ киімді жобалау өте маңызды [3].

Аталған нормаларды сақтамау аяқ-қол аурулары мен деформацияларына ғана емес, тұтастай ағзаға әсерін тигізу мүмкін. Өкінішке қарай, негізгі стандарттар МемСТ 3927-88 "Аяқ киім қалыптары" және МемСТ 11373-88 "Аяқ киім. Өлшемдері" XX ғасырдың 70-жылдарының басында жүргізілген аяқ антропометриялық зерттеулерінің нәтижелері бойынша жасалған, ал антропологтардың ұсынымдары бойынша мұндай зерттеулер әрбір 10 жыл сайын жүргізілуі тиіс [4].

Жоғарыда аталған нормативтік құжаттарда жасөспірімдер жасының шекаралары онтогенездің осы кезеңінің ғылыми-негізделген анықтамасына сәйкес келмеуімен шиеленісе түседі. Сонымен, «Балалар аяқ киіміне қойылатын гигиеналық талаптар» деген 6 әдістемелік нұсқаулықта 5 - қыздар және 7 - ұл топтары 13-17 жас аралығындағы жасөспірімдерге сәйкес келетіні нақтыланады. Алайда, адам дамуының анатомиялық-физиологиялық және психологиялық кезеңдері тұрғысынан 12-18 жас аралығындағы жасөспірімдер болып табылады [5-6].

Бұл шекаралар XX ғасырдың екінші жартысының акселерациясы процесінде дәл осы жас шектерінде орныққан пубертат кезеңімен байланысты. Сондықтан тұтынушылардың шығарылатын аяқ киімге қанағаттанбауы

байқалады. Бұл антропометриялық деректерді жаңартудың өзектілігін көрсетеді. Бұл жағдайда табанның өлшемдік белгілеріндегі өңірлік айырмашылықтарды ескеру қажет [7,8]. Мәселен, Қазақстанның өңірлерінде кең ауқымды антропометриялық зерттеулер жүргізілмеген және зерттелмеген. Аяқ киімнің эстетикалық сипаттамаларының балалардың денсаулығына әсерін жете бағалауға болмайды. Мысалы, кез келген нысанның дизайны адамның психологиялық жағдайына әсер ете алады. Әсіресе, бұл әрекет жасөспірімдердің тұрақсыз эмоционалдық фонына әсер етеді.

Дизайнның психологиялық аспектілері бүгінде маркетингті зерттеудің маңызды пәндерінің бірі болып табылады. Алайда олар бәсекелестік күресте артықшылық алу құралы ретінде дизайнды ықтимал қолдануға бағытталған және оның денсаулыққа ықтимал теріс әсерін мүлде ескермейді. Сондықтан жасөспірімдердің психологиялық және эмоционалдық даму деңгейін ескере отырып, оларды ресімдеуге қойылатын талаптарды әзірлеу өте маңызды болып табылады. Жасөспірімдер үшін аяқ киімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру маңызды міндет болып табылады [9].

Нормативтік құжаттарда жасөспірімдер жасының шектері дұрыс берілмеген отандық өндірушілердің аяқ киімдерінің эстетикалық қасиеттерінің осы нысаналы топтың сұраныстарына сәйкес келмеуіне алып келеді. Осыған байланысты жасөспірімдердің аяқ киімнің эстетикалық қасиеттеріне қойылатын талаптарын қалыптастыратын мүдделерін жүйелеу қажет. Бұл жағдайда өңірлік аспектіні де ескеру қажет. Осылайша, осы жас тобының анатомиялық-физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, антропометриялық зерттеу және жасөспірімдер үшін аяқ киімді жобалауға ғылыми негізделген талаптарды әзірлеу өзекті болып табылады.

Осы жұмыста ұсынылған жасөспірімдер үшін аяқ киім ассортиментін қалыптастырудағы аталған мәселелер зерттеулердің бағыты мен сипаты айқындалды [10].

Жұмыстың мақсаты: Жамбыл облысы жасөспірімдерінің табандарының өлшемдерін антропометриялық зерттеу және аяқ киімге арналған материалдардың қасиеттерін зерттеу және пакетін таңдау.

Алға қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін келесі міндеттер қойылды:

- жасөспірімдердің табандарының өлшемдеріне антропометриялық зерттеу жүргізу;
- табан өлшемдерінің статистикалық, корреляциялық-регрессиялық көрсеткіштерін анықтау;
- жасөспірімдерге арналған аяқ киімдердің өлшемді-толықтық ассортиментін құрастыру;
- аяқ киімдерге арналған материалдар қасиеттерін зерттеу және материалдар пакетін дайындау;
- аяқ киімге арналған материалдар қасиеттерін зерттеуде нейрондық бір және көп қабатты желілерді қолдану.

Зерттеу объектілері мен нысаны. Жасөспірімдердің табан өлшемдерін алу үрдісі мен материалдардың қасиеттерін зерттеу процесі. Зерттеу нысаны жасөспірімдердің табан өлшемдері, аяқ киімге арналған материалдар пакеті.

Зерттеу әдістері. Жасөспірімдердің табан өлшемдерін зерттеудің түйісетін және түйіспейтін әдістері, статистикалық программалау және математикалық талдау, материалдардың беріктік қасиеттерін зерттеу мен нейрондық жүйе әдістері.

Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- Жамбыл облысыбойынша жасөспірімдерінің табандары өлшемдерінің мәліметтері;
- жасөспірімдерге арналған аяқ киімнің өлшемді-толық ассортименті дайындалды;
- жасөспірімдердің табандарының өлшемдерінің статистикалық деректері алынды;
- жасөспірімдердің аяқ киіміне арналған материалдар пакеттері ұсынылды (әзірленді);
- нейрондық желілер арқылы материалдарды таңдау әдістемесі ұсынылды.

Практикалық маңыздылығы. Жасөспірімдердің табан өлшемдерін зерттеудің статистикалық мәліметтері, аяқ киімнің өлшемді-толықтық ассортименті мен аяқ киімге арналған оңтайлы материалдар пакеті.

Нәтижелердің сенімділік дәрежесі және апробациясы.

Алынған нәтижелер аяқ киім кәсіпорындарында «ТаразКожОбувь» ЖШС, «Теңізбаев»ЖК және М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің "Текстиль, материалтану және стандартизация" кафедрасының оқу процесінде енгізілді. Диссертациялық жұмыстың зерттеу нәтижелері Scopus деректер базасына енетін журналдарда 4 мақала және ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің тізбесіне енетін басылымда 6 мақала жарияланды.

Диссертациялық жұмыстың 4 бөлімі BR24992867 «Қазақстанның су шаруашылығы мен қайта өңдеу өнеркәсібін дамыту және басқару үшін ресурс үнемдеу технологияларын әзірлеу, инновациялық инжинирингтік орталық құру» бағдарламасы шеңберінде жасалды.

Зерттеу нәтижелерінің жариялануы. Диссертациялық зерттеулердің нәтижелері мен қорытындылары бірқатар журналдарда жарық көрді Scopus деректер базасына енетін журналдарда 4 мақала жарияланды:

1 Yussupova L., Sokolovskiy A., Munasipov S., Kulkaeva L., Kunelbayev M. Prediction of strength properties of natural fiber-porous composites by neural networks // Materials Physics and Mechanics. 2021, V. 47. N. 4. P. 613-620. **Б.Д. Scopus процентиль 29%. DOI: 10.18149/MPM.4742021_9.**

2. Мунасипов С.Е., Юсупова Л.Х., Джумабекова Г.Б., Халметова Ш.Т. Определение формы и размеров горизонтальных сечений стоп мужчин Казахстана. Научный журнал Izvestiya Vysshikh Uchebnykh Zavedenii, Seriya Tekhnologiya Tekstil'noi Promyshlennosti. Россия, - № 3 (387), - 2020. –С. 189-191. **Б.Д. Scopus процентиль 17%.**

<https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85105987297&origin=resultslist>

3. Юсупова Л.Х., Мунасипов С.Е., Байжанова С.Б., Жаскиленова А.Е. Сравнительный анализ параметров подростков и мужчин южного Казахстана. «Известия высших учебных заведений». Научный журнал Izvestiya Vysshikh Uchebnykh Zavedenii, Seriya Tekhnologiya Tekstil'noi Promyshlennosti. Россия, - № 3 (387), - 2020. –С. 192-195. **Б.Д. Scopus процентиль 17%.** <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.85106032770&origin=results>

4. Toguzbaev K.U., Toguzbaeva G.K., Munasipov S.E., Jyembetova I.S., Abzalbekuly B., Yusupova L.H., Baidildayeva A.K. Improvement of physical-mechanical and operational properties of materials obtained by using a new leather production technology. Научный журнал Izvestiya Vysshikh Uchebnykh Zavedenii, Seriya Tekhnologiya Tekstil'noi Promyshlennosti. Россия, - № 3 (387), - 2020. –С. 66-68. **Б.Д. Scopus процентиль 17%.** <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85106028079&origin=resultslist>

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің тізбесіне енетін басылымда 6 мақала жарияланды:

1. Л.Х. Юсупова, С.Е. Мунасипов, А.Р. Соколовский. Определение распределения размерных признаков стоп мужского населения городов Жамбылской области, г.Алматы. Вестник КазНУ, 2020;(4); стр 105-110, <https://official.satbayev.university.ru/research/vestnik-satbayev-university/publications>

2. Юсупова Л.Х., С.Е. Мунасипов А.Р. Соколовский. Определение связи между размерными признаками стоп мужского населения. г.Алматы. Вестник КазНУ, 2020;(4); стр 110-117, <https://official.satbayev.university.ru/research/vestnik-satbayev-university/publications>

3. Юсупова Л.Х., Абзалбекулы Б., Байдильдаева А.К., Мунасипов С.Е. Разработка размерного ассортимента обуви для юношей Жамбылской области. Вестник Алматинского технологического университета. 2023;(4); стр. 18-22. <https://doi.org/10.48184/2304-568X-2023-4-18-22>

4. Юсупова Л.Х., Абзалбекулы Б., Мунасипов С.Е. Особенности антропометрических показателей стоп подростков Жамбылской области. Вестник Алматинского технологического университета. 2024; 143(1); стр. 217-223. <https://doi.org/10.48184/2304-568X-2024-1-217-223>

5. Yussupova L.Kh., Yeldiyar G.K., Baidildayeva A.K., Jumabekova G.B., Abzalbekuly B. Determination of the regularity of the distribution of the adolescents feet size // Mechanics and Technology / Scientific journal. – 2024. – №.3(85). – P.375-383. <https://doi.org/10.55956/VGXP4110>

6. Юсупова, Г.К. Елдияр, Г.Б. Джумабекова, С. Мунасипов, Б. Абзалбекулы Жасөспірімдерге арналған аяқ киімнің үстінгі бөлігінің материалдар пакетінің тұтынушылық сипаттамаларын талдау. Механика және

технологиялар / Ғылыми журнал. – 2024. – №3(85). – Б.423-431.
<https://doi.org/10.55956/DIPU2854>

Сондай-ақ, 4 мақала халықаралы ғылыми-практикалық конференцияларда жарияланды және Өнеркәсіптік үлгісіне патент алынды.

1. Мунасилов С. Е., Юсупова Л. Х. Результаты антропометрических исследований стоп мужчин Южного Казахстана // Концепции, теория, методики фундаментальных и прикладных научных исследований в области инклюзивного дизайна и технологий. – 2020. – т. 25. – 41 п.

2. Юсупова Л.Х., Абзалбекулы Б., Джумабекова Г.Б. Разработка размерного ассортимента для юношей призывного возраста Жамбылской области, Узбекистан, Ташкент. Халықаралық ғылыми конференция, 27-28 қазан 2022 ж.

3. Baidildayeva A.K., Jumabekova G.B., Yussupova L.Kh. Study of the hygienic properties of leather for shoe uppers. Proceedings Book. 7th International Congress on Innovative Aspects for Leather industry. – IAFLI, 2023. – P. 18-22

4. Baidildayeva A.K., Jumabekova G.B., Yussupova L.Kh. Analysis of leather-footwear industry waste. Proceedings Book. 7th International Congress on Innovative Aspects for Leather industry. – IAFLI, 2023. – P. 22-24

5. Б.Абзалбекұлы, С.Е.Мунасилов, Юсупова Л.Х., Джумабекова Г.Б. Өнеркәсіптік үлгісіне патент №5313, Ортопедиялық аяқ киім, 2020ж.

Диссертацияның құрылымы мен көлемі. Диссертация нормативтік сілтемелер, анықтамалар, белгілер және қысқартулар, кіріспе, төрт бөлім, қорытынды, қолданылған әдебиеттер тізімі, қосымшалардан тұрады.

1.1 Жасөспірімдердің аяқ киімдеріне қойылатын негізгі талаптар

Жас ұрпақты сапалы аяқ киіммен қамтамасыз ету аяқ киім өндірісінің маңызды ғылыми-техникалық міндеттерінің бірі болып табылады. Бұйымның сапасының негізгі көрсеткіші оның стандарттарға сәйкестігі болып табылады. Осы орайда, жасөспірімдерге арналған аяқ киімнің сапасына қойылатын талаптар өте жоғарыдеңгейде [11,12]. Бұл өсіп келе жатқан организмнің сыртқы әсерлерді қабылдауының жоғары сезімталдығына байланысты. Балалар мен жасөспірімдерге арналған отандық аяқ киім қатаң стандарттарға сәйкес дайындалады. Бұл 2003 жылы қолданысқа енгізілген МемСТ 26165 - 2003 "Балалар аяқ киімінормативтік құжаттарда қарастырылды.

Қазақстанда да, ТМД елдерінде де аяқ киім өндірушілерге қойылатын жалпы талаптарды айқындайтын шарт - «Жалпы техникалық шарттар». Бұдан басқа, 1985 жылы бекітілген және бүгінгі күні жарамды «Балалар аяқ киіміне қойылатын гигиеналық талаптар» деген әдістемелік нұсқаулар бар. Әдістемелік нұсқауларда келтірілген дәйектерде өскелең ұрпақтың денсаулығын сақтау және нығайту үшін ұтымды аяқ киімнің маңызы зор екені көрсетілген. Яғни, аяқ киімнің сапасын бағалаудың басты өлшемі оның өскелең ұрпақтың денсаулығы үшін зиянсыздығы болып табылады [13-15].

Алайда, статистика көрсеткендей, жасөспірімдер мен жалпы халықтың денсаулығы жыл сайын нашарлап келеді. Сондықтан аяқ киім сапасының көрсеткіштерін жетілдіру өзекті тақырып болып табылады [16]. Аяқ киімнің сапасы «жайлылық» ұғымымен тығыз байланысты екені белгілі. Антропометриялық, гигиеналық талаптарды көрсететін бірқатар көрсеткіштерді қамтитын жайлылық дәрежесі бар. Олардың кешені аяқ киімнің эргономикалық қасиеттерін білдіреді [17-20].

Бұл жіктеме аяқ киімді эмоционалды-сезімтал қабылдаудың физиологиялық талаптармен өзара байланысын көздейді. Көптеген жұмыстар аяқ киімнің эргономикалығы мәселелеріне арналған: жайлылық, гигиеналық, антропологиялық қасиеттері, сондай-ақ әртүрлі патологиялық аурулар кезінде аяқ киімнің ыңғайлы ішкі формасына арналған Зыбин Ю.П., Куслик М.И., Хохлов Б.П., Лиокумович Х.Х., Фукин В.А., Ченцова К.И., Кочеткова Т.С., Костылева В.В., В.К. Макаричева және басқа да шет мемлекеттік зерттеушілермен бір қатар жұмыстар жасалған [21,22].

Шаргородский В.С. және Ярлов-Ярлянец В.А. әзірлемелері мектеп жасына дейінгі балаларға арналған профилактикалық аяқ киімдеріне арналған. Қалыпты табандарға, сондай-ақ бастапқы патологиясы бар табандарға арналған ұтымды аяқ киім конструкциясын жетілдірумен О.В.Фарниева, В.В.Костылева, Лысенко Е.Ф., Бабаев Э.А., Синева О.В., Киселева М.В. айналысқан.

Жайлы аяқ киімге арналған жеке аяқ киім қалыптарын жасаудың инновациялық технологиясын әзірлеумен Кокорев Б.С., «Жасөспірімдер үшін

аяқ киімдерді жобалауға қойылатын ғылыми негізделген талаптарды» әзірлеумен Черенкова С.С. және Синева О.В. айналысқан [23, 24]. Ғалымдардың зерттеу жұмыстарына шолу жасайтын болсақ ең бірінші кезекте адам денсаулығының тұрғаны көрінеді. Бірақ бұл ретте көптеген жағдайларда, атап айтқандай өскелең ұрпақтың денсаулығы медицина, яғни аурудың алдын-алу және емдеу тұрғысынан қарастырылады. Бұдан басқа, авторлар сапаның тек сараланған көрсеткіштерін жетілдіру проблемасын шеше отырып, аяқ киімнің эргономикалық қасиеттерін кешенді түрде қарастырмайды. Біз ауруларды емдеу мен алдын-алуға емес, денсаулықты дұрыс қалыптастыруға және сақтауға жағдай жасауға баса назар аударуымыз қажет. Бұл әсіресе жасөспірімдер аяқ киімі үшін өзекті мәселе [25, 26].

Осы мақсатқа қол жеткізу жасөспірімдерге арналған аяқ киімдерді жобалаудағы зерттеушілердің жұмыстарында неғұрлым аз немесе қарастырылмаған проблемаларды анықтауды талап етеді. Сонымен, көптеген ғылыми жұмыстар мен жарияланымдарда жасөспірімдерге арналған аяқ киімнің сапасын арттыру мақсатында келесі мәселелер қарастырылады: қалыптың ұтымды нысанын әзірлеу, аяқ киімнің «тірек жайлылығын» арттыру, аяқ киімге арналған материалдардың оңтайлы пакеттерін жасау жөніндегі ұсынымдарды қалыптастыру, өлшемдік типологияны түзету мақсатында жасөспірімдердің табанына антропометриялық зерттеулер жүргізу.

Сондықтан, ескірген МемСТ 3927 - 88 «Аяқ киім қалыптары» деректерін жаңарту мақсатында ауыл-аймақтарда табандардың антропометриялық зерттеулерін жүргізу қажет.

Жалпы техникалық шарттар және МемСТ 11373-88 «Аяқ киім өлшемдері» өзекті болып табылады.

Антропометрия–медицина саласының басты бағытының бірі екені белгілі. Антропометриялық сипаттамалар өлшемдік және сипаттамалық болып бөлінеді. Олардың көмегімен жасөспірімдердің аяқтарының, нақты табандарының параметрлері бағаланады. Мұнда, сонымен қатар, аяқ-қолдардың негізгі патологиялары талқыланып, жасөспірім табандарының заманауи стандартты өлшемдері анықталады [27, 28].

Алынған мәліметтер негізінде зерттелетін жас кезеңіндегі балалар үшін аяқтардың типологиясы құрастырылады.

Аяқ киімнің сапасын жақсартудағы тағы бір іс жүзінде зерттелмеген мәселе - бұл аяқ киімнің эстетикалық сипаттамалары.

Аяқ киімнің эстетикалық қасиеттері эргономикалық кешенге кіретініне және жасөспірімдердің денсаулығына үлкен әсер ететініне қарамастан (бұрын қаралғандай) оларға өте аз көңіл бөлінеді. Сондықтан аяқ киімнің сапасын жетілдіру мақсатында жүргізілген жұмыстарды талдау негізінде жасөспірімдер аяқ киіміне ғылыми негізделген талаптарды қалыптастыру жөніндегі зерттеулеріміздің екі негізгі бағыты бөліп көрсетілген [29, 30].

Бірінші бағыт жасөспірімдердің аяқтарын антропометриялық зерттеумен байланысты. Екінші бағыт ыңғайлы аяқ киімді жобалау үшін материалдарды іріктеп, таңдауымен байланысты.

Жасөспірімдердің жастық жіктелуінде неғұрлым елеулі жас болатындығы белгілі. Бұл олардың бейнелі бастаулары болуына, табан сүйектерінің құрылысының жас ерекшеліктерін көрсетуіне және тұтынушылардың аяқ киімге деген ұсыныстары мен талаптарын көрсетуіне байланысты екендігі айқын [31]. Табан сүйектерінің ұзындық мөлшері ересектермен бірдей жасөспірімдерге арналған аяқ киімнің көлденең-тік өлшемдері де болуы тиіс. Себебі, жасөспірімдердің табандарының белсенді дамып-өсіп, арық пішінге ие болатындығы белгілі. Жасөспірімдердің аяқ киім пішіні классикалық түрлерімен қатар ерекше пішіндері мен әр түрлі түстері және олардың айрықша үйлесімділіктерімен дайындалады. Бұдан басқа, жасалатын материалдың түсі мен фактурасында да көптеген қарама-қайшылықтар орын алады.

Яғни, жасөспірімдерге арналған талаптар мен аяқ киімдерді әзірлеу олардың анатомиялық-физиологиялық және психологиялық ерекшеліктеріне, яғни жас өзгерістерін есепке алуға негізделуі тиіс [32, 33].

Адамның, соның ішінде жасөспірімдердің өсіп-даму кезеңдері мен жас өзгерістері мен антропометриялық өлшемдерге сәйкес [23,34,35,36] жұмыстарда келесі жас ерекшеліктеріне бөліп көрсетілген:

- жасөспірімдер (12-ден 15 жасқа дейін - балалар);
- жасөспірімдер (16-дан 20 жасқа дейін – жігіттер).

Дененің даму кезеңдерде жасөспірімнің бойы үш-төрт ай ішінде 15-25 см-ге өсуі мүмкін, бұл тірек-қимыл аппаратының жұмыс істеуіне теріс әсер етеді. Мұндай әсерді ұтымды пайдалана отырып, аяқ киімнің көмегімен реттеуге болады. Сондықтан, аяқ киімнің ұтымдылығында (сапасында) оның сапа көрсеткіштерін дұрыс таңдау маңызды рөл атқарады [37-39]. Аяқ киім ұтымдылығының неғұрлым маңызды көрсеткіштеріне астыңғы бөлшектердің амортизациялық қасиеттері жатады.

Себебі, тірек-қимыл аппаратына күштік әсерлердің жеткіліксіз амортизациясы - тез шаршауды тудырады және аяқтың патологиялық ауытқуларының дамуына ықпал етеді.

Жасөспірімдер арасында таңдаулы аяқ киім түрлеріне сауалнама жүргізуі барысында - спорттық аяқ киімнің ең көп сұранысқа ие екендігін көрсетеді [40].

Өзінің конструктивті және сәндік сипаттамаларымен балтырдың толықтығын, табан сүйектерінің үлкен немесе кіші өлшемін аяқтың пропорциясындағы үйлесімсіздікті жасыратын әрекет - ол дұрыс таңдалған аяқ киім болып табылады.

Осыныңсалдарынан аяқ киімді, оның композициясының тұтастығы тұрғысынан бағалау керек. Бұл кешенді аяқ киімнің колоритін құрайтын бірқатар көрсеткіштерді қамтиды. Ең маңызды көрсеткіштердің бірі-аяқ киімнің сыртқы түсі болып табылады.

Жоғарыда айтылған жасөспірімдердің анатомиялық-физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерін ескеретін талаптарды әзірлеудің өзектілігінде растайды [23, 41,42].

Өз жұмыстарында Узакова Л.П, Жабборов Ю.Ю, Абдурахманова Ф.А [43-47] және басқалар ең бірінші -аяқ киімнің жайлылық дәрежесіне оның

антропометриялық, гигиеналық және психофизиологиялық қасиеттері әсер ететінін зерттеген.

Антропометриялық қасиеттеріне - аяқ киім пішіні мен табан өлшемінің параметрлерінің сәйкестігі, аяқ киімнен табанның күш арқылы өзара әрекеттесуі, кернеудің беріктігі, қалыптасуы, пішінге төзімділігі, иілу кезіндегі қаттылығы, тірек қаттылығы, амортизациялығы, созылуы-ұзару беріктігі және басқа да қасиеттері кіреді [48].

Гигиеналық қасиеттеріне-жылу кедергілері, ауа өткізгіштігі, бу өткізгіштігі, электр өткізгіштігі, аяқ киімнің салмағы, физикалық-химиялық қасиеттері, гигроскопиялық, гидрофобтылығы, санитарлық-токсикологиялық қасиеттері жатады.

Психофизиологиялық қасиеттерге табанды физикалық-механикалық және химиялық әсерлерден қорғау; пайдалану қолайлылығы; кию және шешу ыңғайлығы; механикалық қимыл-қозғалыс әсерлері; сипап-сезімді қабылдау; эстетикалықлығы; костюм элементтерімен үйлесімділігі; мәнерлік бағыты, түсі, әрленуі және фурнитурасы, пішін конструкциясы, пішіннің үйлесімділігі, пішіннің мәнерлілігі, түпнұсқалығы, материалдың сапасы т.б. жатады [49].

Жасөспірімдерге арналған аяқ киім ассортиментін әзірлеу кезінде былғарыдан жасалған бұйымның жалпы қатарындағы жасөспірімдерге арналған аяқ киімнің орны мен рөлін зерделеу міндетті. Бұл жасөспірімдерге арналған аяқ киімнің балалар мен ересектер арасындағы аралық жағдайға ие болуымен байланысты. Яғни, ол қай жас кезеңіне жақын екенін көрсету жасөспірімдер аяқ киімінің гигиеналық, антропометриялық, физиологиялық және эстетикалық қасиеттері кешенін объективті қалыптастыруға мүмкіндік береді [50].

Жасөспірімдердің 90%-ыөз қалаулары бойынша аяқ киімді таңдайтыны белгілі.

Белгілі болғандай, жасөспірімдердің бір бөлігі ересектерге арналған аяқ киімді қолдана отырып, табан мен балтырдың пропорциясындағы белгілі кемшіліктерді барынша жасыруға тырысады. Көп жағдайда бірдей аяқ киім өлшемдері бар ерлер мен жасөспірімдердің табан өлшемдері арасындағы айырмашылықтар көрсетілген. Қазіргі уақытта аяқ киім өндіруші өндіріс орындарының ассортименттік саясатының кемшіліктеріне жасөспірімдерге арналған аяқ киімдердің ассортименттік қатарында жоқтығын жатқызу қажет етеді [51].

Жасөспірімдерге арналған тауарларға басты қойылатын талаптарды қалыптастыру кезінде түстің адам ағзасына әсерін мұқият зерделеу және осы жастағы тұтынушылар үшін аяқ киімнің ұтымды түсті үйлесімі бойынша ұсынымдар әзірлеу қажет.

Жасөспірімдер жасының шекарасы әлі күнге дейін толық белгіленбеген. Кейбір авторлар [23] жасөспірімдер жасына 11-15 жас аралығындағы балалар сәйкес келеді деп санаса, басқалары жасөспірімдер аяқ киімін 13-17 жастағы (ұлдар мен қыздар) жасөспірімдер аяқ киімі деп есептейді. Бұл ретте

кәсіпорындар ұлдар үшін де, қыздар үшін де аяқ киімнің ең аз көлемін шығарады.

Бұл жағдай жоғары сынып оқушыларына ересектерге арналған аяқ киім сатып алуға мәжбүрлейді. Осылайша, аяқ киімнің пішін-өлшемдерін ескеретін жасөспірімдердің аяқ киімі жиі шығарылмайды. Бұл мәселелердің барлығы нарықты реттеуге бағытталған [52].

Кейбір авторлар жасөспірім жасына 12-15 жастағы ер балалар деп, ал басқа авторлар 17-21 жастағы адамдарды жасөспірім жасына жатқызады.

Егер осы деректерді аяқ киімнің көлемі бойынша жалпы қабылданған бөлінісімен салыстыратын болсақ, онда барлық жас топтары талап етілетін аяқ киімге қанағаттанбайтыны туралы фактіні айтуға болады. Қамтамасыз етілмегендер қатарына жасөспірімдер мен жасөспірімдердің жас топтарын жатқызуға болады.

Басқаша айтқанда, «Аяқ киім қалыбы» МемСТ 3927-88 және «Аяқ киім өлшемдері» МемСТ 11373-88 салынған өлшемдер бойынша аяқ киімді бөлу негізін ескірген деп тану қажеттілігі туындайды, себебі олар ескі 1970 жылдардағы антропометриялық өлшем деректері негізінде әзірленген [53].

Кейінгі әдістемелік нұсқауларда «Балалар аяқ киіміне қойылатын гигиеналық талаптар» 7-ұлдар тобы 13-17 жастағы жасөспірімдерге сәйкес келетіні көрсетіледі. Яғни дене өлшемдерін, оның ішінде табан өлшемдерін ұлғайту, бұл XIX ғасырдың ортасынан бастап аяқ киім өлшемдерінің қалыптасу процесіне әсер етуімен байланысты – ол акселерация процесі [54,55].

Сондықтан тұтынушылардың шығарылатын аяқ киімге қанағаттанбауы байқалады. Бұл антропометриялық деректерді жаңартудың өзектілігін көрсетеді. Бұл ретте табандардың өлшемдік ерекшеліктерін аймақтық айырмашылықтарға қарай ескеру қажет. Ең аз зерттелген Жамбыл облысы болып табылады, онда кең ауқымды антропометриялық зерттеулер жүргізілмеген.

1.2 Жасөспірімдердің табандарының негізгі патологиялық ауытқулары

Дұрыс таңдалмаған аяқ киім- көптеген ауруларға себеп болуы мүмкін. Сапалық көрсеткіші төмен аяқ киім, жас, өсіп келе жатқан жеткіншектер арасында тері ауруларын, табан сүйектері ауруларын тудырып қана қоймай, табан сүйектерінің түрлі ақауларына алып келеді. Сондықтан ұтымды таңдалған аяқ киім тігу мәселесі өзектілігін әліде болса жоғалтқан жоқ [56-58]. Бұл әсіресе қарқынды өсіп келе жатқан балалар мен жасөспірімдер үшін маңызды, себебі адам денсаулығы дәл осы тұста қалыптасады. Ал бұл, өз кезегінде табанның дұрыс қалыптасуына, жарақаттардан қорғауына, көптеген аурулардың алдын алуына септігін тигізеді.

Жасөспірім кезеңінде сапасыз аяқ киім киіп жүру қандай теріс салдарға әкелуі мүмкін екенін қарастыратын болсақ, келесілерді айта кетсек болады [59,60]. Табан-бұл сүйектермен буындар, бұлшық еттер және сіңірлермен

біріккен, 26 сүйектен тұратын тірек-қимыл жүйесінің бірі. Жаңа туған балалардың табаны туылғанда әлі қалыптаспаған, ал болашақ сүйек құрылымдары шеміршек тәріздес болып келеді. Табан сүйектері тік жүре бастағаннан бастап белсенді қалыптаса бастайды, бұл мәселе В.О.Синева, Грдзелидзе М.Г., С.Ю.Киселев, А.Ю.Лукача авторлармен жұмыстарында зерттелген [61-63].

Адамның табаны төрт негізгі биомеханикалық қызметті атқарады: серпімділік, рефлексогендік, тепе-теңдік және итерімділік:

- табанның серіппелі қызметі ол- жүру, жүгіру және секіру уақытында буындарды, омыртқалар мен бас сүйегін жарақаттан сақтайды. Осыған байланысты табан ауыртпашылық пен соққының көпшілік әсерін төмендетеді;

- табанның итерімдік қызметі адамға кез-келген бағытта: алға, артқа, жанына үдемелі қозғалыс жасауға мүмкіндік береді;

- табанның тепе-теңдік қызметі адамның жүрген кездегі бойына бейімделуге мүмкіндік береді.

- табанның рефлексогендік қызметі дегеніміз адам денесінің әр түрлі ішкі органдары табан рефлексогендік аймағының жүйке жұрнақтарымен өзара байланысы бар.


Табан үш бөліктен тұрады, олар (сурет 1.1): алдыңғы жағындағы табан сүйегі, табан сүйек және саусақтар [64]. Табан алдыңғы жағының сүйектеріне мыналар жатады: 1-асық сүйек, 2-өкшелік, 3-қайық тәрізді сүйек, 4-куб тәрізді сүйек, 5-жіңішке сүйегі. Табан сүйектеріне 6-бес табан сүйектері жатады. Бармақтар сүйектері фалангалардан тұрады: 7 – негізгі, 8 – ортаңғы, 9 – тырнақты.



Сурет 1.1- Табан сүйектері құрылымының сұлбасы

Аяқ киімді жобалау кезінде табанның пішіні мен қызметіндегі ықтимал ауытқуларға ерекше назар аудару керек:

Табанның (сурет 1.2) құрылуы мен қызметінде жиі кездесетін патологиялық ауытқулар: жалпақ табан, үлкен саусақтың сыртқа ауытқуы, саусақтардың қисаюы, буындардың деформациясы, өкше аурулары.



Сурет 1.2- Табанның негізгі патологиялық ауытқулары

Табанның патологиялық ауытқуларының себептерін шартты түрде ішкі және сыртқы деп бөлуге болады. Сыртқы ауытқулар, кәсіби мамандыққа байланысты ауыртпалықтар, ыңғайсыз, тар аяқ киімдерді киюмен қатар сыртқы ортаның теріс әсерлері жатады. Ішкі себептердің арасында тұқым қуалау бейімділігі және алғашқы бұлшықет аппаратының әлсіздігі мағынасын ашатын факторлар болып табылады.

Жалпақ табан (сурет 1.2,а) – табан дөңесінің түсуін сипаттап, табан пішінінің өзгеруіне алып келеді. Кейбір жағдайларда дөңестің толық өзгеруі кездеседі. Мұндай жағдайларда деформациясына байланысты өкшенің қисаюының сыртқа шегінуі байқалады. Жалпақ табанның пішінінің бейнеленуі табан өлшемдері енінен де, ұзындығынан да артады. Жалпақ табанның негізгі белгілеріне келесілерді жатқызуға болады: табанның пішінінің өзгеруі, тез қажағыштық, табанның шектеулі қозғалуына, жүргенде және тұруда пайда болатын ыңғайсыздық, ауыртпашылық. Жалпақ табан патологиясы -пайда болған және туа біткен болып келеді. Жүре келе пайда болған жалпақ табан жиірек кездеседі және жарақаттың нәтижесінен, тым үлкен және табанға ұзақ ауыртпалық болғанда немесе статистикалық даму болып келеді. Жалпақ табанның статистикалық пішіні біртіндеп дамуы және табанның бұлшықет пен тарамыстардың тонустық кемуі құрылғысымен байланысты.

Үлкен саусақтың ауытқуы (сурет 1.2,б) – бірінші саусақтың сүйегінің сыртқа шығуы және ерекше жағдайларда кездесетін башпайдың көрші саусақтардың астында, ал кейде үстінде орналасуымен сипатталады. Бұл жүріс-қимылды ерекшелендіріп, сыздатып ауырады. Үлкен саусақтың ауытқуы туа біткен немесе жүре келе тар аяқ киімдерді кигеннен болады, сонымен қатар жүрген кезде табанға түскен қатты соққының әсерінен бірінші саусақтың сүйегінің бастиегіне ауыртпалық арта түседі. Тұмсығы тар аяқ киімде саусақтардың қалыпты орналасуына орын болмағандықтан, бас бармақ табанның сыртқы жағына ауытқиды.

Өкшенің деформациясы (сурет 1.2,в) -табанның ортопедиялық ауруы. Ауру бұлшық ет және бұйындардың балансының бұзылуымен, бойлық және


көлденең жалпақтабандылығымен көрінеді. Жүру кезінде табанның ішкі бөлігіне салмақ түсіп, өкшесі мен саусақтары сыртқа бұрылуымен сипатталады. Сырттай қарағанда, бұл табан буындары мен аяқ буындарының Х-тәрізді қисаюына ұқсайды. Аяқ тік тұрған және біріккен жағдайда өкше бір-бірінен үлкен, бірнеше сантиметр қашықтықта орналасады. Емдеусіз вальгусы бар адам аяқтың тез шаршауынан дағдылы өмір салтын жүргізу мүмкіндігін жоғалтады.

Табанның балға тәрізді саусақтар (сурет 1.2,г)– бақайшық аралық буындарға бүгіліп, пішіні балғаны еске түсіретін көрініспен сипатталады. Бұл ретте буын айналысындағы табан бармағының үстінгі жағы жоғары шығып, аяқ киімдердің қатты үйкелісін бастан кешеді. Мұндай саусақтардың пішінсізденуі көбінесе саусақтардың толығымен тіктенуіне мүмкіндік болмайтын, табанның ұзындығына сәйкес келмейтін аяқ киімдерді кигеннен пайда болатын патология.

Қатты терлеу–табанның тер бездеріндегі функцияларында жиі кездесетін тер бөліну ерекшелігі. Осындай жағдайда тер аяқ киімнің ішінде артық мөлшерде бөлінеді. Табанның дымқылдануы өз кезегінде теріні зақымдап, оның ауыруына әкелуі мүмкін.

Күстілік – ұзақ уақыт бойы табаның жеке бөліктеріне аяқ киімнің қысымы мен үйкеліс әсерінен пайда болатын терінің жуандауы.

Тозу – қатты аяқ киімнен, қатпарлармен немесе үстін дөрекі жіптермен дайындау және аяқ киімнің ішкі бөлшектерінің әсерінен терінің зақымдануы. Жоғарыда сипатталған табан пішінін түрлі үлгілері сурет 1.3 көрсетілген.



Сурет 1.3-Табан дөңесінің негізгі пішінсізденуінің үлгілері

Бір қалыпты жазықтану табанның орталық бөлігіндегі күмбездің кемуімен сипатталады (сурет 1.3,а).

Табанның үстінгі бөлігінің жазықтануы жеткілікті кең жайылған, көлденең жалпақ табан сияқты қаралады. Әр түрлі жағдайда проксимальды бөлігі, соның ішінде өкшенің дұрыс жағдайы және табанның ортасындағы сүйектер айқын бейнеленуі бақыланады (сурет 1.3,б). Мұндай пішінсізденуді плюснефалангалық топсалының шамадан тыс болуын немесе табанның анатомиялық ерекшеліктерімен түсіндіруге болады [64]

Табанның проксимальды бөлігінің пішінсізденуі көлденең жазықтықтағы өкшенің деформациясы (сурет 1.3в,г).

Жазықтықта табан пішіні әр түрлі сипатқа ие болады. Бір кезде белгі өкшенің проекциясын сыртқа бейнелеп көрсетеді және табанның жазық вальгустық саусақ бөлімінің ауытқыған жағдайы (сурет 1.3д,е), ал өзге жағдайда табан дөнесінің жоқтығы көрсетіледі (сурет 1.3,ж). Сонымен бірге пішінсізденудің әр түрлі түрімен тіркесетін табандар жиі кездесетіні айқын (сурет 1.3 з,и,к,л,м).

Табан сүйектерінің қалыптасуының ең бірінші кезеңі 8-9 жасқа келгенге дейін аяқталады, ал гормондық жетілу кезеңінде табан құрылымын функционалдық жетілдіруге бағытталған жұмыстар жүргізіледі. Адам әрдайым ауыртпашылықсыз, бірқалыпта жүрмейді. Ал жасөспірімдерге келетін болсақ олар өте белсенді механикалық қимыл-қозғалысқа түсіп тез шаршап, ыңғайсыздық туындап, тіпті аяқтарының ауыруына да шағымдана бастайды. Сондықтан ыңғайсыз аяқ киім бұл симптомдарды одан әрі ауырлатуы мүмкін [65-67].

Аяқ киімнің ең маңызды көрсеткіштерінің бірі астыңғы бөлшектердің амортизациялық қасиеті болып табылады. Тірек-қимыл аппаратына жергілікті күштік әсермен байланысты жеткіліксіз амортизация тез шаршауды, жағымсыз сезімдерді тудыруы мүмкін [68,69].

Бірақ аяқ киімнің кең болуы да табанның дұрыс жұмыс істеуіне кедергі келтіреді. Оқушылар арасында аяқ киімнің кең таралған түрлерінің бірі спорттық аяқ киім болып табылады. Бірақ, көбінесе спорттық аяқ киім деп барлық кроссовкалар түсініледі. Алайда аяқ киімнің тым кең болуы аяқтың алға ығысуына және дененің ауырлығы саусақтардың ортасына ауысуына әкеледі. Тұрақты түрде салмақ түсіру нәтижесінде екінші саусақ көбінесе балға тәрізді болады және оның жастықшасы тірекке қатты қысылып, бұл аяқ тырнағының ауыр қысымын тудырады [70-72].

Бос кеңістікті аяқ киім табан тірегінің нүктелерінің өзгеріп отыруына, сондай-ақ бұлшық ет кернеуінің күрт өзгеруінің себебі болып табылады, бұл олардың тез шаршауын әкеледі. Бос аяқ киіммен жүру психологиялық сенімсіз туындатады сонымен қатар тобық буынының шығуына, сондай-ақ саусақтар мен өкше терісінің жыртылуына әкеледі [73-77].

Аяқ киім бөлшектерің қалың тігілген бөліктері, әшекейлері бар жерлері табан буындарын зақымдап қысылуына және терінің үйкелуін тудырады.

Кейде аяқ киімнің ішкі бөлшектері үшін де қолданылатын жасанды және синтетикалық материалдар тітіркендіруді, терінің қабынуын, жалпы ағзаға уытты әсерін туғызады. Осындай материалдардан жасалған аяқ киім қызып

кетуі де мүмкін. Осылайша, денсаулыққа зиян аяқ киімді киюдің салдары терінің зақымдануы, саусақтар мен тұтастай алғанда табанның қисаюына, жалпақ табандыққа, мүсіннің нашарлауына, қан айналымының бұзылуына және т.б. өзгерістерге алып келеді[78,79]. Бұл ретте ағзаның қалыпты жұмыс істеуіне жоғарыда атап көрсетілген ауытқулардың әрқайсысы қауіпті аурулардың пайда болуының бастапқы нүктесі себеп болуы мүмкін.

Ыңғайсыз аяқ киім киіп жүру мен кейбір аурулардың арасындағы себеп-салдарлық байланысты қарайтын болсақ, 1.4-суреттүрінде айқындалып берілген. Жоғарыда айтылған, жасөспірімдер арасында ерекше ауруларының бірінші кезегін тірек-қимыл мүшесінің функцияларының бұзылуы алады. Мектеп жасындағы оқушыларды зерттеу барысында қызықты заңдылықтар анықталды. Біріншіден, жоғарыда атап өтілгендей, мектеп бітіргеннен кейін оқушылардың 80%-ға жуығы омыртқаның жотасының дұрыс қалыптаспауын көрсетті [80-83].



Сурет 1.4-Ыңғайсыз аяқ киім киіп жүру мен кейбір аурулар арасындағы себеп-салдарлық байланыс

Екіншіден, ерекше жас кезеңдерінде, омыртқа жотасындағы ақаулар саны едәуір артады. Омыртқаның және оның құрылымының дұрыс жұмыс істемеуінің бұзылуының негізгі себептерінің арасында жасөспірімдердің аяқ киімдерінің өзгеруіне ықпал ететін аяқ киім киюіде бар. Тұрғындардың кемінде

80% -ында тірек-қимыл мүшелерінде табанның деформациясымен тікелей немесе жанама байланысты проблемалар туындайды.

Жұмыстарда [84-86] зерттелген табан мен омыртқа жотасы арасында тікелей байланыс бар екендігі бұрыннан дәлелденгенін ескеретін болсақ, табан дененің «іргетасы» болып табылады. Іргетастың ақаулары барлық құрылымның сүйектерінің қисаюуына әкеледі. Мысалы, жалпақ табандылық ауытқуларын ұстап тұратын бұлшық еттер әлсіреп, барлық жүктеме сіңір-тарамыстарға түседі де олар біртіндеп созыла бастайды. Бұл жағдайда аяқ-қолдардың тірек функциялары бұзылып, олардың қанмен қамтамасыз етілуі нашарлайды, сондықтан аяқ-қолдың тырысуы пайда болады.

Табан сүйектерінің бұзылуы омыртқа жотасының ауытқуларына алып келеді. Осының салдарынан бұлшық ет аппараты дұрыс жұмыс істемей бастайды, жасөспірім өз денесін қиын көтереді, тез шаршайды және дененің ауыруына шағымдана бастайды.

Дене қаңқасының бұзылуы сүйектерге әсер ете бастайды және омыртқаның өзін ғана зақымдап қоймай, дененің басқа мүшелерімен және жүйелерімен проблемалардың туындауына әкелетін сколиоздың қалыптасуына ықпал етеді. Сколиоз кезінде омыртқа едәуір қисаяды, омыртқалар бір-біріне қатысты бұрылады, жауырдың орналасуы өзгеріп, өркештің пайда болуына алып келеді. Сколиоздан басқа, балалар мен жасөспірімдерде кифоз жиі пайда болады, ол әртүрлі дәрежедегі қозғалу кезінде пайда болады [87-89].

Ол жасөспірімнің өзіндік сыртқы келбетімен, шаршағандығымен, арқа бұлшықеттерінің әлсіздігімен, түрлі ауырсыну белгілерімен сипатталады. Қимыл-қозғалыс кезінде омыртқаларды ұстап тұра алмайтын әлсіреген бұлшық еттер мен байламдардың әлсіреуі омыртқааралық дискілерді жоғары қысымға әкеледі және бұл ретте жасөспірімдердің остеохондрозы дамиды, ол науқастардың жасымен ғана ерекшеленеді [90].

Омыртқаның физиологиялық бүгілуінің азаюы әсіресе, жалпақ табанмен үйлесімде, мидың ұдайы микрозақымдануына, есте сақтау мен назар аударудың бұзылуына әкеледі. Омыртқаның кез келген ауруы тек тірек-қозғалыс аппаратында ғана емес, сонымен қатар омыртқааралық саңылаулар арқылы шығатын жұлынмен және нервтермен тікелей байланысты ішкі ағзалардың жұмысында да түрлі асқынулар тудыруы мүмкін.

Сколиоз және кифоз кезінде омыртқааралық тесіктің аздап тарылуының өзі сол немесе басқа ағзаның жүйке жасушаларының қоректенуін бұзып, адамда денінің босаңсуына, бронх демікпесіне, асқазан жарасына, гормондардың жетіспеушілігіне, қант диабетіне алып келуіде мүмкін. Жасөспірім жаста көру қабілетінің нашарлауының себептерінің бірі болуы мүмкін. Бұл жасөспірім жастағы балалардың табан деформациясы мен тірек-қимыл аппаратының бұзылуынан, яғни тең ыңғайсыз аяқ киім киюден туындағанаурулар арасындағы байланысты көрсетеді [91,92].

Осының бәрі өскелең ұрпақтың анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктерін ескеретін және көптеген патологиялардың пайда болуының алдын алатын денсаулық сақтайтын аяқ киім жасау қажеттігіне әкеп

соқтырады. Жасөспірім кезінде қамтамасыз етілген денсаулық-оны өмір бойы сақтауға мүмкіндік береді [93].

1.3 Тұрғындардың табан өлшемдерін зерттеудің заманауи әдістері

Ғылыми-техникалық прогресс оң нәтижелермен қатар адамның тіршілік әрекетіне қатысты өзімен бірге зиянды және теріс нәтижелер әкелуде.

Бұл әсіресе адамның өмір сүру жағдайына қатысты. Соңғы онжылдықтарда сыртқы әсерлердің құрамы мен қарқындылығы айтарлықтай өзгерді: микроклимат, табиғи және жасанды сәулеленудің әртүрлі түрлері, діріл, шу, иістер және деадамның аяқ-қолдарына қатысты қатты жазықтық (асфальт, бетон және т.б.) пен жіңішке тұмсық бөлігі бар биік өкшелі қолайсыз аяқ киім. Осы факторлардың барлығы адамның тыныс-тіршілігі үшін оңтайлы жағдайлар жасау кезінде ескерілуге тиіс. Олардың неғұрлым салмағына қолайлылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қабілетті эргономикалық факторларды жатқызу қажет [94,95].

Кез-келген аяқ киімнің сапасының негізгі көрсеткіштеріне оның ыңғайлылығы жатады, бұл аяқтың пішіні мен өлшемдерінің дұрыс арақатынасына және аяқ киімнің ішкі кеңістігінің өлшемдеріне байланысты.

Өз кезегінде, аяқ киімнің ішкі кеңістігінің пішін өлшемдері аяқ киімнің пішін өлшемдерімен анықталады. Сондықтан, аяқ киім қалыптары-бұл негізгі құрылғы, оның параметрлері аяқ киімнің бөлшектерін, көптеген аяқ киім агрегаттары мен машиналарының жұмыс органдарын, оларға технологиялық жабдықты жобалау кезінде қолданылады.

